





беру сапасын жақсартуға және ғылыми зерттеулерді қолдауға бағытталған жоспарлар мен міндеттерге тоқталды.

Кездесу барысында министр Саясат Нұрбек тұрғындардың сұрақтарына толыққанды жауап берді. Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-лекторы Мадина Тумабаева 2030 жылдан кейін ҚР-да жоғары білім алуға арналған гранттар сақталып қалады ма? – деген сұрақ қойды. Бұл мәселе балаларға арналған «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесіне байланысты туындады. Мемлекет бес жасқа толған кезде бастапқы білім беру капиталын баланың шотына бір рет аударады деген болжам бар. Бұл ретте ата-аналар міндетті түрде сол шотқа шамамен бір-үш АЕК мөлшерінде ай сайынғы



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ ЖЕТИСУДА

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ САЯСАТ НҰРБЕК ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНА АРНАЙЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛГЕН БОЛАТЫН. АЙМАҚКА АТ БАСЫН ТРЕГЕН ВЕДОМСТВО БАСШЫСЫ АЛДЫМЕН ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТЫНЫС-ТІРШЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ. Өңірлік жоғары оқу орнының инфрақұрылымына оң баға берді. Университет базасында жетісу облысының тұрғындарымен кездесіп, ғылым және жоғары білім жүйесін дамытудың негізгі мәселелерін талқылады.



жарна төлеуі тиіс. Бала 18 жасқа толғаннан кейін, оның шотында белгілі бір сома жиналған кезде, ол жоғары білім алу шығындарын осы ақшамен жаба алады.

Министр «мемлекеттік гранттарды бөлу сақталады, ал жоспарланған «Келешек» бағдарламасы гранттың бөлінуіне ешқандай әсер етпейді», - деп жауап берді. Баланың шотындағы ақша оның грантқа түсуіне немесе түспеуіне қарамастан сақталады.

Министр кездесуге келгендерді тыңдап, маңызды мәселелерді белсенді талқылағаны үшін ризашылығын білдірді. Халықпен ашық диалогтың маңыздылығын атап өтті. Жетісу облысындағы білім мен ғылымды дамыту стратегиясын әзірлеу кезінде айтылған барлық пікірлерді ескеруге уәде берді.

Іс-шара соңында Саясат Нұрбек облыс азаматтарын жеке қабылдап, оларға өз мәселелерін мен пікірлерін білдіруге мүмкіндік берді. Азаматтар өңірдегі білім беру мен ғылыми саланы дамытуға байланысты түрлі тақырыптарды талқылауға белсенді қатысты.

Бұдан соң министр «Биотехнология және экология» ғылыми-зерттеу институтында болып, «Молекулалық генетика және геномика», «Биотехнология» зертханаларының жас ғалымдарымен кездесті. Кездесуде өзекті жобалар мен олардың даму перспективалары талқыланды. Ол ауыл шаруашылығы саласындағы әзірлемелерге шоғырланған молекулалық генетика және геномика зертханасы жұмысының өзектілігін атап өтті.

Одан кейін Бейсен Құранбек

атындағы журналистер үйінде брифинг өткізіп, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Студенттер үйінде болып, жатақхана жағдайымен танысты. Студенттермен ашық диалог құрып, жастар өздерін қызықтырған барлық сұрақтарына жауап алды.

«Құқық және экономика» жоғары мектебінің 4 курс студенті Айбек Қанатбекұлы заңгерлер үшін стипендияны арттыру мүмкіндігі туралы сұрады. Саясат Нұрбектің айтуынша, бұл белгілі бір мамандыққа деген сұранысқа байланысты.

Мәселен, болашақ ұстаздардың стипендиясы жоғары болу себебі - елде мұғалімдер, оқытушы кадрларының жетіспеушілігінен - деді.

Жалпы, әңгіме өзара түсіністік пен достық атмосферасында өтті. Ведомство басшысы студенттердің барлық ұсыныстарын назарға алатынын атап өтті.

Министр жұмыс сапарының соңында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында салынып жатқан жаңа оқу-зертханалық кешен құрылысының барысын, университеттің жабық бассейнін көрді. Салынып жатқан оқу-зертханалық кешен құрылысын 2024 жылдың басында аяқтау жоспарлануда.

Бұл кешенге оқу және ғылыми зертханалар мен технопарк, дәріс аудиториялары, «STEM LAB: жаратылыстану ғылымдарының ғылыми-оқу зертханасы», сондай-ақ эксперименттік алаңды, биотехнология және экология ФЗИ ғылыми зертханаларын қамтитын бесінші буын жылыжайы кіреді, онда агробиотехнология саласында кадрлар даярлауды жүргізеді.

«Бұл университетте сапалы білім алу үшін ғана емес, денсаулықты нығайту мен пайдалы демалыс үшін барлық жағдай жасалған» - деді министр өз сөзінде.

Әйгерім ИЕБЕКОВА.

Кездесуге өңір тұрғындары, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Министр Қазақстандағы ғылым, жоғары білім саласындағы негізгі жетістіктер мен нәтижелерге шолу жасады. Ол ел болашағы үшін білім мен ғылымды дамытудың маңыздылығын атап өтіп, министрліктің стратегиялық мақсаттары мен басымдықтары туралы айтты.

Сондай-ақ қазіргі заманғы ғылым мен жоғары білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі үрдістер мен сын-тегеуріндерге талдау жасады. Білім





МЕРЕЙТОЙ ИЕСІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Құқық саласы бойынша білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері Болат Молдабековтың 75 жылдық мерейтойы өтті. Салтанатты шараны Жетісу университетінің Басқарма төрағасы-Ректор Қуат Баймырзаев жүргізді. Ол Болат Есенғалиұлының Жетісу университетіне сіңірген көп жылдық еңбегін ерекше атап өтіп, алғыс білдірді. Сонымен қатар І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Жиынға ҚР Ардагерлер ұйымының Жетісу облыстық филиалының төрағасы Ермек Келемсейіт, Жетісу облысының полиция Департаменті мен Ұлттық Ұлан ардагерлер Кеңесінің төрағасы Саржан Ержұманов,

«Нақ-бірлік» қоғамдық қорының төрағасы Мақсат Қалажанов, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Талант Жұмабек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымының төрағасы Талғат Мекебаев, ҚР ішкі істер органдарының құрметті ардагері Қадыр Абдрахманов, Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғунысов жиынға арнайы келіп, мерейтой иесін құттықтады.

Қонақтар білімі мен білігін ұштастыра білген құқық саласының майталманы Болат Есенғалиұлына ақ жарма тілектерін ақтарды. Жиынға қатысушылар мерейтой иесінің азаматтық тұлғасы, адамдық болмысы, кәсіби біліктілігі баяндалған видеоны тамашалады.



ФУТБОЛДАН ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ

Жетісу университетінің стадионында Басқарма төрағасы-ректор Қуат Баймырзаев бастаған ректорат командасы мен 1 курс студенттері арасында футболдан жолдастық кездесу өтті.

Жыл сайын өтетін ала доп додасының мақсаты - басшылық пен студенттер арасында ашық қарым-қатынас орнату, салауатты өмір салтын насихаттау, ойыншылардың тактикалық шеберлігін арттыру.

Биыл бесінші мәрте өтіп отырған жолдастық кездесуде 3:2 есебімен әкімшілік командасы жеңіске жетті.

РЕКТОР КУБОГЫ ҮШІН САЙЫСҚА ТҮСТІ



Бір апта бойы Жетісу университеті студенттері арасындағы Басқарма Төрағасы - Ректор Кубогы үшін өткен сайыс мәреге жетті.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің студенттері еншіледі. II орында Жансүгіров колледжі алса, III орынға Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің нөмірі 2-ші командасы ие болды. Жарыста барлығы 7 команда бақ сынады.

ЖУ БАЗАСЫНДАҒЫ СОТ ПРОЦЕСІ



Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқық саласы бойынша білім беру бағдарламаларының студенттеріне Талдықорған қалалық сотының судьясы Әбдіхаев Әлібек Өмірбекұлы ашық сот процесін өткізді. Сот процесі білім ордасының мамандандырылған сот залы аудиториясында жүргізілді.

Шараның мақсаты студенттердің теориялық білімдерін сот қызметінің түрлі

бағыттары бойынша жетілдіріп, теорияда алған білімін тәжірибеде қолдану.

Судья Әлібек Өмірбекұлы студенттерге сот процессіндегі негізгі міндеттерді егжей-тегжейлі түсіндірді.

«Сот процесінің ашықтығы мен жариялығы студенттердің сот жүйесіндегі білімі мен сенімін арттырады. Білікті, моральдық, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген терең білімді заңгер ғана судья бола алады» - деді ол.

Сот процесі кезінде студенттерге судьяның іс жүргізу ерекшеліктері, әділдігі мен тәуелсіздігі, сот хатшысының міндеттері, сотқа қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері тәжірибе бойынша көрсетілді. Ашық сот процесіне қатысқан студенттер практикалық білімнің маңыздылығын түсінді. Алдағы уақытта да ашық сот процесін өткізу жоспарланып отыр.

«JAS ҒАЛЫМ» КОНКУРСЫНА ӨТІНІМ РӘСІМДЕУ БОЙЫНША СЕМИНАР ӨТТІ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің сарапшысы А. Камбарова ПОҚ және әлеуетті жоба жетекшілері үшін оқыту семинарын өткізді. Семинар «Жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық

қаржыландыруға арналған «Jas ғалым» конкурсына өтінім рәсімдеу және беру» тақырыбында ұйымдастырылды (ЖОО ішіндегі конкурс). Семинар барысында конкурсқа өтінім даярлау кезіндегі жиі кездесетін қателіктер мен нюанстары және конкурс ережелеріндегі өзгерістер талқыланды.



Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.

ЖОЛДАУ ЖАСТАРҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы ел дамуының бағыт-бағдарын бағамдап, жаңа міндеттер жүктеді.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі деп әркез еске салатын мемлекет басшысы бұл жолы да жас өскелең ұрпақты назардан тыс қылдырмады. Мектептердегі орын тапшылығын болдырмауға, апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге бағытталған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы сөз болды. Алдағы уақытта ұлт болашағының білім сапасын арттыру үшін 400-ге жуық мектеп салынатындығы қуантарлық жайт.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Адамзат баласының бүгінге дейін қол жеткізген ұлы игіліктерінің барлығы – білім мен оқу арқылы жасалған.

Мемлекет басшысы 2024 жылдан бастап кәмелет жасқа толмаған балалардың атына арнаулы шот ашылып, қаржы түсіп отыратындығын тағы да түйіндеп айтты. Бұл да жас өскелең ұрпақ үшін үлкен қолдау.

Жолдаудан ел күткен маңызды міндеттердің бірі тұрғын үй мәселесі болды. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардан ғана емес, моноқалалар мен аудандарда «Отбасы» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің қызметін қайта қарау мәселесі сөз болды. Бұл жергілікті жерлерді көркейтуге, дамытуға бағытталған, жастарға пайыздық көрсеткіші де төмен бағамен тұрғын үй алу мүмкіндігін арттыруды көздейтін дұрыс шешім.

«Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар» – деп мемлекет басшысы өз сөзінде айтып өткендей, бұл жолдау жастарға тың серпін берері сөзсіз.

Болат СЕРИЕВ,
Жетісу университетінің Басқарма мүшесі-
жастар саясаты жөніндегі проректор.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ — ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Президент Қасым Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыттары» атты жолдауында ел экономикасын дамыту үшін күттірмейтін міндеттерді алға қойды. Қазіргі таңда бәсеке бәсі - технология ғылымында. Жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Барлық жерде табиғи ресурстар үшін талас, климаттық өзгеру, азық-түлік қауіпсіздігі, демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналып отырған кезде біз экономикалық дамытудың жаңа бағыттарын қолға алуымыз керек. Жолдауда зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар екенін, үлкен өзгерістер толқынына зәру екенімізді баса айтты. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтіп, бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет.

Басты мақсат - халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Яғни ел экономикасының дамуының өзі халықтың әл-ауқатының, тұрмыс сапасының жақсаруына алып келетіндігіне баса көңіл аударды. Бұл жерде ел экономикасын дамыту үшін экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстарына тоқталып өтті. Еліміз үшін ең басты міндет мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және нарықтық сұранысты өзіміз толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Бұл өнеркәсіптік негізді қалыптастыру, яғни өңдеу саласын жедел дамытуға баса көңіл аудару деген сөз.

Баршамызға белгілі кеңес үкіметінде Қазақстан шикізат көзі ретінде ғана қаралды. Ендігі кезде біз тек өндіріп қана қоймай, сол өндірген өнімді халыққа ұсынуымыз қажет. Яғни бұл тұрғыдан тарих қайталанарды. XX ғасырдың басында жаңа экономикалық саясат кезеңінде осы өнеркәсіптің, оның ішінде ауыр өнеркәсіптің дамуына үлкен мән қойылған еді. Бірақ өкінішке орай кеңес өкіметінің отарлау саясаты Қазақстанды 70 жыл бойы өзінің шикізат базасына айналдырып келді. Бірақ сол заманда XX ғасырдың 20 жылдарында қазақ зиялысы небәрі 23 жастағы Смағұл Сәдуақасов сол кездегі қазақ әлелік партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекинге: біз өнеркәсіп орындарын сыртта емес неге өзіміздің жерде салмаймыз деп қарсы шыққан еді. Себебі сол кездің өзінде Смағұл Сәдуақасов шикізат қай жерден шықса, өнімді сол жерде өңдеуіміз қажет деген принципті ұстанды. Бұның астарында кеңес өкіметінің қазақ елін «шикізат базасына айналдыру» саясатына қарсылық тұрған еді. Бүгінде өз алдымызға тәуелсіз

ел болғандықтан экономиканың саласын дамыту үшін біз өндіруші, қайта өңдеуші салаға көбірек көңіл бөлуіміз қажет. Осы тұрғыдан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруді айтты. Экономикалық саланың басым бағыттары бұл еліміздің туристік әулетін де пайдалану яғни, туризмді дамыту. Бұл салада кемшіліктердің болып жатқанын, туризм саласын дұрыс дамытпағанымызды айта отырып жобаларды тиімді пайдалану үшін іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін тарту керек деді. Сонымен бірге ел экономикасын дамытуда Қазақстанның кен өндіру өнеркәсібінің рөлі өте зор екендігін атап өтті. Яғни Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны белгілі. Ал бүгінде тәуелсіз



ел экономикасын дамытуда осы кен өндіру өнеркәсібін одан әрі жаңа инновациялық технологиялар негізінде дамытуды қажет. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келетінін болашақта да солай бола беретінін көптеген металдың әлемдік нарықтағы бағасы бұрынсоңды болмаған деңгейге жетіп отырған кезде Қазақстанның кен өндіру өнеркәсібін дамытуды дұрыс жолға қоюға баса назар аударды. Ірі өндіріс кәсіпорындарда 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасап отыруды ұсынды. Сонымен бірге жаңа заманның мұнайына айналған сирек

кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі екендігін еске салды. Еліміздегі мұнайды өндіре отырып, оны халықтың әлауқатын дамытуға жұмсау керектігіне де көңіл бөлді. Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн деп атап өтті. Жолдауда қорғаныс өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту да айтылды. Бұл дегеніміз біздің армияны жоғарғы технологиялық қару-жарақпен және әскери техникамен соның ішінде броньды техникамен ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен яғни қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталу. Сондай-ақ, экономика

саласындағы тағы бір өте маңызды міндеттің бірі бұл агроөнеркәсіп кешендерінде нақты серпіліс жасау. Өзімізге белгілі Қазақстанның ауыл шаруашылық саласының әулеті орасан зор. Бірақ біз осы қолда бар мүмкіндіктерді бүгінгі күнде толық пайдаланбай отырмыз. Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты Еуразиялық құрлықтағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу еді. Бұл дегеніміз мысалы кеңес өкіметі кезінде сонау XX ғасырдың 20 жылдарында Қазақстан өзінің азық-түлігін көрші жатқан елдер, мыса-

лы Ресейді, Орта Азияны етпен қамтамасыз етті. Ал бүгінде біз осы елдерді азық-түлікпен толық қамтамасыз етуге мүмкіндігіміз бар. Бірақ өкінішке орай сол мүмкіндіктерді толық орындай алмай отырмыз. Соған байланысты осы мақсатқа қол жеткізуіміз керек.

Тарих қайталанды деген осы. Кеңес өкіметі XX ғасырдың басында жаңа саясатты қабылдады. Азамат соғысынан кейін ел экономикасы қирап қалған болатын. Елдің тұрмыс-тіршілігін қайта қалпына келтіру үшін жаңа экономикалық саясатты қабылдады. Ол дегеніміз тура қазіргі нарықтық экономика. Сол кезде қоғамда жеке кәсіпкерлерге, шағын орта бизнесті дамытуға мүмкіндік берді және шағын орта бизнесті дамытуда несиелер берген. Сөйтіп жеке меншіктің дамуына көп көңіл бөлген. 1927 жылы осы жаңа экономикалық саясат кәдімгідей үлкен нәтиже берді. ҚР Президентінің архивін ақтарған кезде 1927 жылы мал басы 1917 жылдағы мал басынан асып түскен. Яғни жаңа экономикалық саясаттың тиімді болғанын көреміз. Экономика нарыққа негізделген болғандықтан көбіне жеке меншіктің, шағын орта бизнестің дамуын күшейтуіміз қажет. Біз бүкіл дүниені Қытайдан, Түркиядан басқа шетелден сатып алмай, өзіміздегі ресурсты толық пайдалануымыз керек.

Сондай-ақ, жолдауда су мәселесі көтерілді. Су тапшылығына байланысты Ел Президенті су көздерін үнемдеуді халыққа үнемшілдік мәдениетін үйретуіміз керек деді. Жеріміз кең байтақ болғандықтан халық тығыз орналаспаған. Өйткені бізде су көздері өте тапшы. Кең байтақ жерлер игерілмей жатыр. Қазақстанның 70-80 пайызы шөл және шөлейтті аймақтар, мысалы, Балқаш көлінің жағасын алайық су ащы болғандықтан елді мекендер су тапшылығын көріп отыр. Жергілікті тұрғындарының айтуынша Астананың суының өзі таза артезиан суы емес.

Экономиканың дамуына, халықтың өмір сүруіне қажетті ең негізгі дағдылардың бірі – қаржылық сауаттылық. Дәрігерлердің, мұғалімдердің жалақылары жыл санап көбеюде. Алайда адамдар екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарына қарыз, өйткені көбінің қаржылық сауаттылығы төмен. Біз ЖОО мамандықтарына қарамастан қаржылық сауаттылық курсы өткізуіміз керек.

Күлімкөз САНТАЕВА,
гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері,
тарих ғылымдарының кандидаты.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Талдықорған қаласына келген сапарында журналистермен арнайы кездескен болатын. Министр «Жаңа оқу жылының басталуы: жаңалықтары мен жоспарлары» атты брифингте ғылым мен жоғары білім саласындағы түйткілді мәселелердің шетін тарқатып, шешімін айтты.

«Халық санының өсуіне байланысты инфрақұрылымның тапшылығы білім беру ұйымдары, соның ішінде ЖОО-ларға әсер етуде», - деді ол.

Мәселен, Қазақстанда соңғы үш жылда 1,5 млн-ға жуық бала дүниеге келген. Нақтырақ айтсақ, 2020 жылы - 426 мың, 2021 жылы - 456 мың, 2022 жылы - 418 мың бала туған. Яғни, соңғы жылдары елімізде орта есеппен алғанда жылына 400 мың бала дүниеге келеді екен.

Мұндай демографиялық жарылыс Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін дамудың кепілі болса, әлем үшін күрделі мәселеге ай-

қазір елімізде 626 мың студент білім алып жатса, алдағы 2030 жылдары студент саны 1 млн-нан асып кетеді екен. Сондықтан бұл толқын жоғары білім алу жасына жеткенше барлық жағынан дайын болу керекпіз. Ол кезде миллион балаға арналған инфрақұрылым, оқытушы тапшылығы да үлкен мәселеге айналмақ.

Қазіргі заманда құрылыс қарқыны бәсеңдемеуі тиіс. Елімізде соңғы 40-50 жылда академиялық салалардың құрылыс нысандарына үлкен, жүйелі инвестициялар болмаған. Еліміздегі іргелі оқу орындары 50-70 жылдары салынған. Мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың инфрақұрылымы 10-12 мың студентке арналса, онда 24-25 мың студент оқып жатыр. Абай атындағы ҚазҰПУ 10 мың студентке есептелген болса, онда 17 мың студент білім алуда.

Үкіметтің шешімімен мердігерлік компаниялар, жеке инвесторлар тарта отырып мәселені түбегейлі шешу жолдарын қарастырып жа-



ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАРЫЛЫС

НЕМЕСЕ ЖОО-ЛАРДАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕСІ

налып отыр.

Азық-түлік, тұщы су тапшылығы, жер ресурстарына деген қажеттіліктің өсуі, климаттың өзгеруіне өз әсерін тигізеді – деп ғалымдар дабыл қағуда. Мәселен, Үндістанда тәулігіне 60 мыңнан астам бала дүниеге келеді екен.

Елімізге келер болсақ, биыл 382 мың бала мектеп табалдырығын аттады. Мұндай көрсеткіш бұрын-соңды болған емес. (Соңғы рет 1987 жылы 417 000 бала дүниеге келіп, XX ғасырдың абсолюттік рекорды болған.)

Министр Саясат Нұрбектің сөзіне сүйенсек,



тырмыз. Құрылыс барынша қарқынды жүріп жатыр. Биыл студенттерге жыл соңына дейін 32 жатақхана қолдануға беріледі. Сонда да жатақхана тапшылығы Астана, Алматы сияқты халық көп шоғырланған үлкен қалаларда өткір болып отыр - деді С.Нұрбек.

Осы орайда министр қолда бар ғимаратты қайта жабдықтау, арқылы жатақхана салуға болатындығын айтып жеке кәсіпкерлерге, бизнес өкілдеріне үндеу тастады. Егер өз құндылығын жоғалтқан, шығыны жоғары қонақ үй, хостел, бизнес орталықтары болса, оны тез арада жатақханаға айналдыруға болатындығын жеткізді. Арнаулы субсидиялық

норматив бойынша министрліктің жанынан құрылған қаржы орталығымен бір айдың ішінде келісім-шарт жасап, 6-8 айда дайын жатақхана салуға болады.

Осы орайда алдағы уақытта гибриді оқыту (аралас оқыту) тәсілдеріне амалсыз көшетін боламыз. Цифрлық форматқа оқытушылар да, студенттер де бейімделуі керек – деді С. Нұрбек. Биыл «Coursera» әлемдік білім беру платформасында үлкен пилоттық жоба іске асырылуда. Бес айдың ішінде 20 мың студент 98 000 онлайн сабақты оқып, 36000 курсты бітірген. 28 мың сертификат алып, жақсы нәтижеге қол жеткізіпті. «Coursera қазақ тілінде» жобасы аясында әлемнің ең үздік профессорларының курстары қазақ тіліне аударылып жатыр екен. Сонымен бірге министр қазіргі еңбек нарығында бәсекелестікті күшейтуде де платформаның оң әсері болатынын айтты.

Әйгерім ИЕБЕКОВА.

● МЕРЕЙЛІ ЖАС

ДАР А ТҮЛЖА

1975 жылы Семей педагогикалық институтының «тарих және қоғамтану» мамандығы, 1987 жылы Алматы Жоғары партия мектебі «Саясаттану» мамандығы, 1988 жылы Мәскеуде ҚСРО Ішкі Істер министрлігі Академиясын «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген.

1978 – 1983 жылдары Бөрлітөбе аудандық партия комитетінде нұсқаушы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болды. 1983 жылы Бөрлітөбе аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып сайланды. 1986 жылы Талдықорған облыстық партия комитетінің бюросының шешімімен Москва қаласына ҚСРО Ішкі Істер Министрлігінің Академиясына оқуға жіберілді.

1988 жылы құқыққорғау саласында еңбек жолын бастап, Талдықорған облыстық ішкі істер басқармасының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, 1991 жылдың мамыр айынан 1995 жылдың қазан айына дейін Талдықорған облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет атқарды.

1995-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің Талдықорған облысы бойынша басқарма бастығының орынбасары болды. Полковник ескери шенімен отставкаға шықты.

1997 – 2003 жылдары Алматы облыстық «Отан» /ДОСААФ/ қоғамдық бірлестігі бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. 2003 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін І.Жансүгіров атындағы Жетісу

университетінде оқытушы, 2016 жылы ректордың кеңесшісі болды, қазіргі уақытта ұстаздық қызмет етуде. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады.



2007 жылдан Алматы облыстық М.Тынышпаев атындағы қоғамдық қордың атқарушы директоры болып облыс көлемінде көптеген іс шараларды жүзеге асыруда.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде 2007 жылы республикамызда тұңғыш болашақ заңгер студент жастардан құрылған «Жас қыран» атты полиция органдарына көмек ретінде тәртіп сақтау сағасын құрды.

Алматы облыстық Ардагерлер Кеңесі Алқасының және Талдықорған қалалық Ардагерлер алқасының мүшесі, Алматы

облыстық ІІО мен ҰҰ ардагерлер кеңесі алқасының құрметті мүшесі ретінде көптеген келелі қызметтерді абыроймен атқарып келеді.

ҚР ІІМ-нің құрметті ардагері, «Еңбек ардагері», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медальдері, ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл, 30 жыл және одан да басқа 20 шақты медалінің иегері. ҚР Заңгерлер Одағының мүшесі, «Сарқан ауданының, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы», қылмыстық құқық бойынша

бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Алматы облыстық адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының мүшесі.

Болат Есенғалиұлы қала, облыс бойынша ұйымдастырылатын іс шараларға үнемі белсене араласады. Жолдастары, әріптестері, ардагерлер арасында беделі зор, абыройлы азамат. Үш перзент тәрбиелеп, алты немере сүйген отбасының тірегі.

Ұстаздық пен тәлімгерлік тәжірибесінде қаншама жастарды тәрбиелеген, 75 жасқа толып отырған ағамызға деніне саулық, отбасына бақ пен береке, мықты денсаулық, саликалы ғұмыр тілейміз!!!

Адами қасиеті бөлек, сыйлы, құрметті, жанымызда жүрген жандарды құрметтеу, қадірлеу, еңбегін танытудың өзі үлкен мәртебе, ұрпаққа үлгі екенін ұмытпайық!

С. ТИНИСТАНОВА,
тарих ғылымдарының
кандидаты,
оқытушы-дәріскер.



Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлесін қосып, өмір сүрген ортасында үлгі-өнеге болып, шәкірт тәрбиелеп, еңбек жолын бастаған жастарға жайлы сөзімен де, ісімен де қамқор болған талап биігінен шыға білген зиялы жандар аз емес. Міне, осындай жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде бүкіл саналы ғұмырын арнаған, құқыққорғау саласында қызмет етіп, одан кейінгі өмірін болашақ заңгерлерді дайындауда үлесін қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз – Молдабеков Болат Есенғалиұлы.

Болат Есенғалиұлы 1966 жылы Бөрлітөбе ауданы Ақтоғай станциясында №250 мектепті бітіріп, еңбек жолын Қазақстан темір жолында жұмысшы болып бастаған. 1968 – 1970 жылдары Кеңес әскерінің қатарында болды. 1971 – 1977 жылдары Бөрлітөбе ауданы Ақтоғай станциясындағы №251 мектепте оқытушы болып қызмет етті. 1977 жылы Бөрлітөбе аудандық оқу бөлімінің аға инспекторы болды.

**ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕРЛІКПЕН
ТЕҢ. ҚАШАНДА ҚАРАҚАН
БАСЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАМАЙ,
КӨПТИҢ МҰДДЕСІ ҮШІН ЖАН
АЯМАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖӘНЕ
СОЛ ЕҢБЕГІН БҰЛДАМАЙТЫН
АДАМДАРДЫ КӨПШІЛІК
ҚАДІР ТҰТАТДЫ. ӘРИНЕ,
ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖА-
СПЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ. ҚАЙТА
ЖАСАҒАН ІСІНІҢ ҚОҒАМНЫҢ
ДАМУЫНА, ЕЛДІҢ БЕЙБІТ
ТІРШІЛІК ЕТУІНЕ КӨМЕКТЕСКЕН
ЖАҚСЫЛЫҒЫМЕН
БАҒАЛАНАДЫ. МІНЕ, ОСЫН-
ДАЙ ЕРШІМДІ ІСІМЕН ЖҰРТ
СҮЙІСПЕНШІЛІГІНЕ БӨЛЕНІП**



академиясының заң факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, «Заңгер» мамандығын алдым. Бұдан кейін Талдықорған қаласындағы Дәнеш Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернатына алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі болып қызметке тұрдым, 2002 жылы лейтенант шенін алдым. 2003 жылы Алматы облысы ертке қарсы қызмет департаментінің Талдықорған қалалық ертке қарсы қызмет бөлімінің инспекторы болып жұмысқа тұрдым, - дейді Университет түлегі Жанат Сембаев.

2007 жылы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақмола облысы Көкшетау техникалық институтының «Әскери іс және өрт қауіпсіздігі» мамандығының сырттай бөліміне оқуға түсіп, 2011 жылы үшінші дипломын алған. Осыдан кейінгі өмір жолы әскери саламен тығыз қатынаста өрбіді. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне

«500 ҒАЛЫМ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА СЕМИНАР ӨТТІ



Жас кадрлардың ғылымға келуін ынталандыру үшін жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына 500 қазақстандық ғалымды тағылымдамадан өтуге жіберу ұсынылатынын білеміз.

Университетте ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы Ләззат Қарашолақова халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығымен бірлесіп, «500 ғалым» жобасы аясында семинар өткізді. Семинарда Ләззат Наушабайқызы шетелде ғылыми тағылымдамадан өткізі келетін үміткерлерге іріктеуден өту жолдарын түсіндіріп, өз тәжірибесімен бөлісті. Жоба бойынша туындаған барлық сұрақтарына жауап берді.

Үміткерлерге толық ақпарат бойынша сілтеме берілді.

«500 ғалым» жобасына құжаттарды ресми түрде қабылдау Халықаралық бағдарламалар орталығы арқылы 2023 жылдың тамыз айының 28-сі күні басталған болатын.

БОС БІЛІМ ГРАНТТАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жазғы қабылдау науқанының қорытындысы бойынша конкурстық тағайындаудан кейін қалған бос гранттарды тағайындау жұмыстарын аяқтады.

Республикалық конкурс комиссиясының отырысы өтті. Гранттардың басым көпшілігі педагогикалық және инженерлік ғылымдар, сонымен қатар «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» салаларына бөлінді.

Комиссия шешімімен 4000-нан астам талапкер мемлекеттік білім грантының иегері атанады.

Грант иегерлерінің тізімдері 2023 жылдың 28 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми сайтында және телеграм-каналында жарияланады.

Ал, грант сертификаттарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан жүктеп алуға болады.

АНТЫНА АДАЛ АЗАМАТ

**ЖҮРГЕНДЕРДІҢ БІРІ – ӘР САЛА-
ДА ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП, МАЙОР
ШЕНІН ИЫҒЫНА ҚАДАҒАН,
ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫҒЫ МАЙ-
ОР ЖАНАТ СЕМБАЕВ.**



1995 жыл

Жанат Мұрашұлы бала кезінен әскери маман болуды армандап ержетті. Сондай арманшыл Жанат Сембаев 1978 жылы 18-ші желтоқсанда Кербұлақ ауданы, Басши ауылындағы ынтымағы бекем, мейірімі тасыған отбасында дүниеге келді. Балалық шағы ауылдың қарапайым тірлігімен бірге өрілді. Бала жасынан еңбекпен ержеткендіктен кейінгі қызмет сатыларында да сол табандылығы, еңбексүйгіштігі, қарапайымдылығы белестен-белеске жетелеп отырды.

Туған ауылындағы Райымбек батыр атындағы орта мектептің бастауыш сыныбының табалдырығын аттағаннан бастап, өзін батыр атасы сияқты ержүрек болуға бейімдей бастады. Сондықтан мектеп қабырғасындағы еркін күрес, үстел теннисі, волейбол және футбол секцияларына белсене қатысты. 1995 жылы орта мектепті бітіріп, Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіров атындағы

қызметке ауысып, Талдықорған қаласындағы десанттық-шабуылдаушы әскерлерінің 18404 әскери бөлімі 1-ші десанттық-шабуылдаушы батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары лауазымында қызмет атқарады.

Жетістікке сарқылмас сабыр мен темірдей төзім жеткізеді. Қайтпас қажыр-қайрат пен өз ісіне деген шексіз сүйіспеншілік адамды абыройға жетелейді. Әрине, қазақтың әрбір азамат елінің патриоты болуы тиіс. Жанат Сембаев осындай тазалығы, жанқиярлығы, біліктілігі арқасында ел құрметіне бөленіп жүрген азамат. Алдағы уақытта да еліне осылай еңбек ете бермек.

Қажет АНДАС.



1997 жыл

Жетісу университетінің дене тәрбиесі және спорт факультетіне түсіп, оны 1999 жылы бітіріп шықты. Жоғары оқу орнында жүрген кезінде де спорттан қол үзбей, дзюдомен айналысып, жарыстарда топ жарып жүрді. Спорттың осы түрінен алған бірінші разряды бар.

- Бала кезімдегі арманым ол әскери адам болу болған. Арманның орындалатынына бүгінгі күнде атқарып жүрген лауазымыммен шенім күе. Мектеп қабырғасын аяқтағаннан кейін Талдықорғанға жол тартып Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің дене тәрбиесі және спорт факультетіне оқуға түсуге келдім. Ол кезде факультет деканы Геннадий Богодухов еді. Әрине мен

дене тәрбиесі факультетіне түспеуге шешім қабылдауымның себебі тек осы факультет қана орыс тілінде болды. Ауылда тек қазақ сыныбында оқығаннан кейін оның үстіне үйде де сыртта да тек қазақ тілінде сөйлегесін орыс тілінде оқуға жүрексіндім. Содан оқуды аяқтағаннан кейін сол жылы еңбек жолын Талдықорған қаласындағы №19 Мағжан Жұмабаев атындағы қазақ орта мектеп-гимназиясында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастадым. Сол жылдың күзінде әскер қатарына шақыртылып, Отан алдындағы борышымды өтеп келдім. Әскерден оралған соң білімімді жетілдіру мақсатында 2001 жылы Алматы қаласындағы нарық және құқық



1996 жыл

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Биылғы жаңа оқу жылына екі айтулы дата сәйкес келіп тұр. Біріншісі – Жетісу университетіне Ілияс Жансүгіровтың есімі берілгеніне 45 жыл. Бұл оқу орны кезінде «Талдықорған мемлекеттік педагогикалық институты» деп аталған. Екіншісі – педагог мамандар даярлайтын төрт факультеттен тұратын осы білім шаңырағынан алғаш рет қазақ тілінде жоғары білімді педагог және психолог мамандардың даярланып шыққанына 40 жыл толып отыр.

